**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**1 - апта ( 28-04 наурыз , 2022 жыл)**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж**

**Тәрбиеші: Махмут М.М**

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 28.02 | Сейсенбі 1.03 | Сәрсенбі 02.03 | Бейсенбі 3.03 | Жұма 04.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 12 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | қ.с № 6 картотека.<br>«Кім көбірек айтар?» ойыны. | т.с № 34 Каротека<br>«Танып ал да, атын ата» | қ.с № 4 картотека.<br>Ойлан да аяқта. | Д. ойын: «Құстарды құрастыр» | Д. ойын: Ойыншықты тап» |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ы дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** «Ы» жуан дауысты дыбысымен танысады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды, «ы» дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, дұрыс айтады. біледі<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**<br>"Ы дыбысы қай сөзде жасырынған?"<br>**Шарты:**Сөзде Ы дыбысы кездескенде қол шапалақтайды,Ы дыбысын ауада жазғанда, арқаны, қарындашты дұрыс ұстау ережесін үйрету.<br>**Құрылымдалған ойын:**.Ғажайып Ы дыбысы"(қолды жазуға дайындау).<br>**Шарты:**Жазу кезінде дұрыс отыру ережелері, арқаны және қолды дұрыс қою, қағаз бетінде бағдарлайбілу,қарындашты дұрыс ұстауды үйретуді | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Санау және салыстыру арқылы теңдік туралы ұғым қалыптасады.<br>П.Ж ойын: **«Көп және біреу»**<br>Шарты: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын «Досымның сыйлығы»**<br>**Шарты:**Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектесіп белгілерді қою<br>**Құрылымдалған ойын:** «Заттар тобын санаймын және салыстырамын»<br>**Шарты:** Топтарды санау | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ы дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** «Ы» жуан дауысты дыбысымен танысады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды, «ы» дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, дұрыс айтады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>"Кел танысайық"<br>**Мақсаты**:Сөздегі Ы дыбысын ажырата білу және дыбыстау,және сөздегі дыбыстың орнын анықтау, ептілігін қалыптастыру.<br>**1. Құрылымдалған ойын:**".Ғажайып Ы дыбысы"<br>**Шарты:**Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен танысты және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстай біледі.<br>**Еркін ойын:**"Дымбілмелке түсіндір"<br>Қолды жазуға дайындау. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:** Жайлау. Киіз үй.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар жайлау, киіз үй туралы түсінік алады. ата-бабаларымыздың тұрмысы туралы мәлімет алады. қоршаған ортаны танып-білуге жағдай жасайды, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамытады. Табиғатты сүюге баулиды, киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсінеді.<br>**П.ж.ойын: «Сиқырлы экран»**<br>**Шарты:**Слайдтан жайлау, киіз үй бейнесін көрсету арқылы әңгімелеп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:** | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Достық көмек.<br>**ҰОҚ мақсаты:** «Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейтуді меңгереді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын** «Таңғажайып әңгіме»<br>**Шарты:**Сурет желісі бойынша әңгіме құрастыру,әңгімедегі ғажайып сөздерді үнемі айтып жүру керек екенін түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**«Досыңды кешір»<br>**Шарты:**Көңіл күйіміз жақсы болу үшін, бізге бір бірімізді түсінуді және кешіруді үйрену керек..<br>**Еркін ойын:**«Ғажайып сөздер»<br>**Шарты:**Бір біріне үнемі жақсы сөз айтуға, ренжітпеуге үйрену.<br><br>2.**Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынады.Әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесін үйрету.<br>**Құрылымдалған ойын:**.Ғажайып Ы дыбысы”(қолды жазуға дайындау).<br>**Шарты:**Жазу кезінде дұрыс отыру ережелері, арқаны және қолды дұрыс қою, қағаз бетінде бағдарлайбілу,қарындашты дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.<br>**Еркін ойын:**“Ы әрпі”<br>**Шарты:**Таяқшалармен Ы дыбысын құрап жазады.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Күн нұры не үшін қажет?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін кеңейтеді. Өзіндік тәжірибе алды жұмыстарды ұйымдастыру рқылы балалардың осыған қатысты түсініктері кеңейеді. Танымдық қызығушылықтары артады, зерттеушілік мәдениеті қалыптасады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**<br>Дәрігер Салауаттың кеңестері.<br>**Шарты:**Дәрігер Салауаттың кеңестері күн, ауа, су - табиғаттың үлкен сыйы екенің айтып тусінік беру.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Күн,ауа, су-біздің достарымыз»<br>**Шарты:**Табиғи факторлардың көмегімен шынықтыру түрлі | **«Досымның сыйлығы»**<br>**Шарты:**Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектесіп белгілерді қою<br>**Құрылымдалған ойын:** «Заттар тобын санаймын және салыстырамын»<br>**Шарты:** Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылайды,және қаламмен бастырып сызады.<br>**Еркін ойын:** «Не артық»<br>**Шарты:**Суретте қандай доптардың артық екенінсуретке сәйкес дұрыс жазуды тап..<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Кеме.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жұмбақтарды шешеді және өлеңді жаттап алады, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>**П.ж.ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:**Сурет арқылы сөйлем құрастырып үйренеді.<br>**Құрылымдалған ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** Бір-біріне допты лақтыра отырып, кеменің құрылысын айтады.<br>**Еркін ойын: «Кеме»**<br>**шарты:** Кеменің суретін салады. Әңгімелейді. | **1. Құрылымдалған ойын:**“.Ғажайып Ы дыбысы”<br>**Шарты:**Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен танысты және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстай біледі.<br>**Еркін ойын:**“Дымбілмелке түсіндір”<br>Қолды жазуға дайындау.<br>Д/о”Қырқаяқтар”<br>**Шарты:**Жазу кезінде дұрыс отыру ережелерін,арқамен қолды дұрыс қою,карандашты дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Алтын астық.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Алтын астық өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағына келтіре отырып,әр шумағын қайталау арқылы жаттайды. Астықты орып,жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізеді.<br>**П.ж.ойын**<br>**Шарты:**Суреттерге қарап бидайды қалай өсіретінін,дәнді дақылдарды өсіруге қатысатынмамандық иелерін туралы әңгімелесу.<br>**Құрылымдалған ойын:**. «Нан қайдан келеді?»<br>**Шарты:**Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне бағалай біледі.<br>**Еркін ойын:**Еңбек құралы | жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсінеді.<br>**П.ж.ойын: «Сиқырлы экран»**<br>**Шарты:**Слайдтан жайлау, киіз үй бейнесін көрсету арқылы әңгімелеп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Төлдер айтысы»<br>**Шарты:** Ертегі желісі бойынша рольдерге бөліне отырып сахналауда өз өздерін көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттері дамиды.<br>**Еркін ойын:** «Ғажайып суреттер»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмбақтардың жауабын тауып сызық арқылы қосу. Киіз үй бейнесін салу.<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Мерген.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыланады. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтығады.<br>**«Ең мергендер»**<br>4 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыру. | **Шарты:**Бір біріне үнемі жақсы сөз айтуға, ренжітпеуге үйрену.<br><br>2.**Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынады**.**Әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Музыка тыңдау: «Бесік жыры»** (Қ.Өрісбаев, Ш.Мұхамеджанов) әнін айтып, тыңдауды ұсынамын.<br>– Бесік жыры қандай ән екен?<br>– Сендерге ұнады ма?<br>**«Әлди-әлди»** халық әнін айтып, балаларға қосылып айтуды ұсынамын. Баяу, жұмсақ әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдерімен әндете жеткізуді ескертемін.<br>– Кішкентай сәби ұйықтады. Оянып кетпесін, өте ақырын, жәй дауыспен айтайық, – деп ескертемін.<br>– Сәбиді ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтса, ұйқысы тәтті болады. Сәбиіміз тыныш ұйықтасын, – деп бесікті төрге апарып қоямын.<br>**Ән үйрену: «Бесік жыры»** (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев).<br>Әнді үйрете отырып, мазмұнын қысқаша таныстырамын, лирикалық әуеніне мән береді. Орындау барысында балаларға қуыршақтарды алып, жұбатып, тербету қимылын ән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аурулардың болдырмауын ыңғайлы тәсілі екеің білді.<br>**Еркін ойын:**<br>«Күн ауа табиғи дәрі»<br>**Шарты:**Суретке қарап әңгіме құрастыр**.**<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Батырлар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйренеді, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіре біледі. Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастырады. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығады. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынынжоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай біледі.<br>Жүгіріп келіп көлденең тақтайдан (биіктігі 40 см) биікке **секіру** – жүгіруді белгіленген жерде қарғумен ұштастыру.<br>Нұсқау – жүгірген кезде тоқтамай, кедергіден өткенде екі аяқты тізеден бүгу.<br>Қолды сермеп, аяқты бар күшімен итере отырып қимылды үйлестіруге назар аударуБелтемірде тартылу Балалардың мүмкіндіктеріне қарай жеке орындатылады. Сақтық шаралары сақталады. | **3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**<br>Қаршақыздың сүйікті достары. (мысық, күшік).<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Қаршақыздың достарын атайды , жануарлардың суретін сала алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Сүйікті достарым»<br>**Шарты:**Суреттер арқылы күшік пен мысық туралы әңгімелеп, бейнелерін салу жолдарын көрсетіп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Қаршақыздың сүйікті достары: Мысық,күшік»<br>**Шарты:**Жануарлардың бейнелерін жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі суретін салады.<br>**Еркін ойын** «Күшік пен мысық»<br>**Шарты:**Екі топқа бөлініп жеңіл қозғалыспен бір бірін қуып ойнайды.<br><br>**4.В/К Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы: «Асық ойыны».ИКТ.**<br>**Мақсаты:** Балаларға асық туралы түсінік | **Шарты:**Ертеде адамдар егінді алқапты қандай еңбек құралы мен жыртқан.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Мебель.<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Активизировать словарь по теме, учить детей называть свойства предметов мебели (стеклянный, деревянный, кожаный, пластмассовый), использовать в речи глаголы и существительные с предлогами (сидеть на стуле, за столом и т.д.).<br>**И/Р/У «Будь внимательным».** Дети встают в круг. Педагог называет слова на родном языке по теме прошлого занятия, бросает мяч. Дети слушают педагога, ловят мяч, называют слова на русском языке.<br>Знакомство с новыми словами. Педагог оказывает картинку с мебелью. Спрашивает: – Что это?<br>Дети рассматривают картинку, называют знакомые предметы мебели:это стол, это стул, это кровать.<br>Р/У «Расскажи, какая(какой)?» Педагог выставляет карточки с изображением материала, из которого изготовлена мебель.<br>**И/У:** Педагог предлагает | Бастапқы қалыпта (оң қолмен лақтырғанда сол аяқты алға қойып, аяқтың басын сыртқа бұра оң аяқты бір адым артқа қою) тұрып алға ұмтыла отырып дене ауырлығын оң аяққа түсіріп қолды сермеу.<br>**«тепе-теңдікті жаттықтыру»**<br>Қолды екі жаққа жайып, бір шеті 40 см биікке көтеріл-ген көлбеу тақтаймен жүру. (Бірінші тақтайда қозғалыс төмен тұрған шетінен, ал екінші тақтайда биік жағынан басталады).<br>Аяқты тақтайға қоюға назар аудару – алдымен табанның алдыңғы бөлігін қою, содан кейін табанмен толық тұру; тепе-теңдік сақтау.<br>**«Жануарларға байқатпай жақындау»** – 4 метрге ішпен жерге жатып еңбектеп бару.<br>Нұсқау – шынтақ пен тізеден бүгілген аяқ пен қол қимылдарын үйлестіру<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Әжеме арналған камзол. (сәндік аппликация).<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолданады.<br>**П.ж.ойын: «Ұлттық** | ырғағымен бірге жасауды көрсетемін.<br>**Ойын: «Қандай аспап?»** (Б.Дәлденбай, А.Асылбек). Ойынға ұсынамын.<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**: Күшті, батыл және үлкен боламын!<br>**ҰОҚ мақсаты:** шапшаңдыққа үйренеді. негізгі қимылдарды орындайды<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Бір орнында және қимыл үстінде оңға, солға бұрылу.<br>2.Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыру.<br>3.Құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып құрсаудың ішінен өту.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын :** «Тез алып, тез қой!» ойын жаттығуы.<br>Балалар музыка ырғағымен өз шаршысының айналасында жүгіреді. Музыка тоқтап қалғанда шаршыны тез бастарына қойып, денелерін түзу ұстап тұрады.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Қарлығаштар мен қырандар»<br>**шарты:** Балалар қалауына қарай «Қарлығаштар» және «Қырандар» болып екі топқа бірігеді. Ойынға қатысушылар зал ортасын-да бір-біріне арқамен теріс қарап тұрады. Белгі берілгенде, «Қырандар» «қарлығаштарды» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ұлдар биік кермеде, ал қыздар аласа (80 см-ге дейінгі) кермеде тартылады.<br>**«Өткел» ойыны**<br>Балалар еденге тақтай немесе басқа бір затты қойып оның үстіне тұрады, бір адым жерге екінші затты қойып соған аттайды. Осыдан кейін артындағы бірінші затты алып, қозғалыс бағытымен алдына бір аттам жерге қояды.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Құмыра.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ыдыстар туралы түсініктерін кеңейтеді, құмыраны мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйреді. Есте сақтау, ойлау қабылеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыта алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын «Тапқырлар»**<br>**Миға шабуыл**<br>Жұмбақтың шешуін табады, ұлттық ыдыстарды айтады.<br>**«Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:**«Әткеншек» әдісі бойынша көне ыдыстар мен ұлттық ыдыстарды ажыратады. Слайд арқылы ұлттық ыдыстарды таныстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Ұлттық ыдыстар»<br>**Шарты:**Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолдана отырып құрылымдық мүсіндік негізгі бөліктерден тұтас ұлттық ыдыстарды кесектен мүсіндейді<br>**Еркін ойын:«Құмыра»** | беру. Төзімділік, икемділік,ептілік қасиеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке, тәрбиелеу.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>« Ертегілер».<br>**Шарты:**Суреттер арқылы өз қиялдарына ерік бере отырып ертегілерді естеріне түсіреді.<br>**Құрылымдалған ойын:**«Ғажайып кейіпкерлер»<br>**Шарты:** Кейіпкерлерді ажырату үшін жеке және ұжымдық мүсіндеу кезінде қолданады<br>**Еркін ойын:**<br>«Достармен бірге коллаж жаса»<br>**Шарты:** Ермексазбен жұмыс жасау тәсілдерін еске түсіре отырып, коллаж жасайды.<br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі. | внимательно послушать стихотворение Л. Белянской «Что нам стоит дом построить» и найти знакомые слова.<br>Если в комнату войти, Можно мебель там найти:<br>Стол, диван, сервант и кресло, стул, комод – всем хватит места. Тумба, книжный шкаф, кровать – мебель я могу назвать!<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынады. Әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды, музыканың<br>Сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Музыка тыңдау: «Бесік жыры»** (Қ.Өрісбаев, Ш.Мұхамеджанов) әнін айтып, тыңдауды ұсынамын.<br>– Бесік жыры қандай ән екен?<br>– Сендерге ұнады ма?<br>**«Әлди-әлди»** халық әнін айтып, балаларға қосылып айтуды ұсынамын. Баяу, жұмсақ әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдерімен әндете жеткізуді ескертемін.<br>– Кішкентай сәби ұйықтады. | **киімдер».**<br>**Шарты:**Ұлттық бұйымдардың суреттерін көрсете отырып ою-өрнек түрі қошқар мүйіз таныстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Шебер қолдар»<br>**Мақсаты:** «қошқар мүйіз» өрнегін түрлендіріп: геометриялық өрнектерді қолдана отырып камзолға жапсыру.<br>**Еркін ойын:** «**Қуыршақты киіндір»**<br>**Шарты:** Қуыршаққа камзолды кигізеді.<br><br>**4.В/К Ойламыз, ойнамыз**<br>**Тақырыбы: Заттардың орналасуы**<br>**Мақсаты:Заттарды түр түсіне қарай ажыратуға,санауға үйрету,ретімен орналастыру.**<br>.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Қызыл кітапқа енген жануарлар»<br>**Шарты:**Біздің елімізде жойылып бара жатқан жануарлар,құстар, өсімдіктер туралы түсінік беру<br>**Құрылымдалған ойын**«Қызыл кітап құпиясы»<br>**Шарты:** Қарапайым экологиялық білімдері | ұстайды және керісінше. Балалар саны артқан топ жеңеді.<br>**еркін ойын: «теңіз толқиды» қимыл ойыны**<br>Қатысушылар арасынан ойын бастаушы таңдап алынады. Қалғандары бір-бірінен бір қадам қашықтықта дөңгелене тұрады және әрқайсысы өз орнында шеңбер сызады. Бастаушы «теңіз толқиды» деп айтып ойыншыларды айнала «жылан» жүріспен жүреді де, балалар оның артынан бір-бірінен ұстап біртіндеп тізбек құра ереді.<br><br>4.**В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы: Қосу. «+» белгісі. «+» Тәрбиеленушілерді белгісімен таныстыру.**<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Мен айналаны танып-білемін. Апта күндері»<br>**Шарты:** Суретке қара. Балаларға аптаның әр күнінде қай ертегі оқығанын айт.<br>**Дүйсенбі-«**Бауырсақ « ертегісі.<br>**Сейсенбі-«**Түлкі мен тырна» ертегісі.<br>**Сәрсенбі-«**Қысқы баспана» ертегісі.<br>**Бейсенбі-«**Қызыл телпек» ертегісі.<br>**Жұма-«**Үйшік-үйшік» ертегісі.<br>**Сенбі-«**Шалқан» ертегісі.<br>**Жексенбі-«**Жеті лақ» ертегісі.<br>Құрылымдалған ойын:<br>«Менің туған күнім»<br>**Шарты:** Балалар өздерінің қай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** құмыраны мүсіндеп, ою-өрнекпен безендіру. | | Оянып кетпесін, өте ақырын, жәй дауыспен айтайық, – деп ескертемін.<br>– Сәбиді ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтса, ұйқысы тәтті болады. Сәбиіміз тыныш ұйықтасын, – деп бесікті төрге апарып қоямын.<br>**Ән үйрену: «Бесік жыры»** (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев). Әнді үйрете отырып, мазмұнын қысқаша таныстырамын, лирикалық әуеніне мән береді. Орындау барысында балаларға қуыршақтарды алып, жұбатып, тербету қимылын ән ырғағымен бірге жасауды көрсетемін.<br>**Ойын: «Қандай аспап?»** (Б.Дәлденбай, А.Асылбек). Ойынға ұсынамын. | қалыптастыра отырып қызыл кітапқа сирек кездесетін жылдан жылға азайып, жойылып бара жатқан айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктер туралы әңгімелесу.<br>**Еркін ойын**<br>«Қызыл кітап»<br>**Шарты:**Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қорғау әр адамның тікелей парызы екенін түсінеді. | айда туған күні екенін айтады.<br>**Еркін ойын:** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Шарты:** Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңдайды.<br>Доп. Қолшатыр. Шаңғы. Секіргіш жіп.<br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі. |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен №1**[5] | **Серуен №1** | **Серуен № 2** | Серуен № 3 | Серуен № 4 |
| **Баланың даму картасы** | үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау. | жазық және көлемді геометриялық пішіндерді білу және атау. | халық ойыншықтары мен керамикалық бұйымдардың желісі бойынша бейнелерді бере білу. | қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтау. | жақсы мен жаман әдеттерді ажырату. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Баланын бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Психолог кеңесі.<br>Жеке балалармен жұмыс | Ата-аналармен жұмыс:«Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |